



Жетібаев К.М.

**ҰЗДІКСІЗ ТӘЛІМ
ТҮРЛЕРІНІҢ
ҚҰРЫЛЫМЫ,
МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ
ҚЫЗМЕТТЕРІ**

*В статье рассматриваются
структура, обязанности и
деятельность видов непрерывного
образования в условиях глобализации.*

*The structures, duties and activities of
types of non-stop education in the
condition of globalization.*

Тәлім жүйесінің жаңаруы, дамуы біртұтас үдерістің өзара байланысты және өзара шарттасқан құрамдас элементтері ретінде көрініп, бұл көрініс әлемдік қауымдастықтағы күннен күнге өрістеп жатқан интеграция жағдайындағы қоғам мен мемлекеттің даму барысын танытады.

Тәлім жүйесінің ерекшелігі – оның ішкі элементтері (түр құрылымдары, басқарылушы құрылымдар, материалды-техникалық база және мамандар, ақпараттық қамсыздануы және т.б.) арасындағы байланыстар мен қатынастар болуы және олар арқылы туындайтын біртұтас қасиеттері елдегі әлеуметтік және экономикалық қайта құруларға, халықаралық тәлім жүйесінің даму бағыттары мен заңдылықтарына сәйкес оның себепсалдарлы қызметін қамтамасыз етеді.

Ұздіксіз тәлім жүйесінің қызметті болуы мемлекеттік тәлім стандарттары, әрқилы деңгейдегі тәлім және кәсіби бағдарламалар ұштастығы негізінде қамтамасыз етіліп, өз мазмұнында келесі тәлім түрлерін қамтиды: мектепке дейінгі тәлім; жалпы орта тәлім; орта арнайы, кәсіби тәлім; жоғары тәлім (бакалавр, магистратура); мамандардың біліктілігін көтеру және оларды қайта дайындау; мектептен тыс тәлім; отбасындағы тәлім мен өзіндік тәлім.

Ұздіксіз тәлімнің Ұлттық модельдегі айрықша өзгешеліктері дербес түр ретінде енгізілген: тоғыз жылдық, жалпы орта және үш жылдық орта арнайы, кәсіби тәлімге өтудегі ұштастықты қамсыздандырады.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев тәлім жүйесінің жеткен деңгейі мен жағдайына шынайы талдау беріп, ондағы түбегейлі қайта құрулардың стратегиялық бағыт-бағдарын айқындады [1].

1992 жылғы «Білім туралы» Заңына сәйкес тәлім жүйесін реформалау бойынша практикалық шаралар оқу-үйретім мен үздіксіз тәлім жүйесін ұйымдастыру арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз ету проблемасын ше-



ше алмады. 1992 жылы біз 11 жылдық жалпы орта тәлімге өттік.

Жалпы орта тәлім құрылымдық тұрғыдан үш сатыға бөлінді. Бастауыш саты (1-4 сыныптар), базалық саты (міндетті 5-9 сыныптар) және жалпы орта білім (10-11 сыныптар). Алайда жалпы орта пәндерінің игерілуі терең ғылыми өңдеуден өтпеді, мақсаттық бағдарының негіздемесі берілмеді.

Тәлім мазмұнының ұштастығы, үздіксіздігі және оқушылардың жас ерекшеліктері секілді негізгі дидактикалық принциптері бұзылды. Сонымен бірге жалпы орта тәлім мерзімін 11 жылдан 12 жылға ұзарту өте дау-дамайлы болып тұр.

Реформаға дейінгі жалпы орта тәлім жүйесінің аса бір мәнді кемшілігі-міндетті оқу пәндерінің санын негізсіз 20-ға дейін көбейту болды. Сондай-ақ олардың көпшілігі демократиялық және нарықтық талаптарға жауап бере алмады. Оқу жоспарларында «қоғамдық, экономикалық, құқықтық білімдер ұсынатын, адамгершілік және мораль негіздеріне үйретуші ғылымдарға» шетел тілдерін игеруге қажетті пәндерге жеткілікті назар аударылмады [2].

Жалпы орта тәлім деңгейінде нұқсанды болған тәлімдік және кәсіби бағдарламалар келесі сатыда – бастапқы (кәсіби-техникалық) және жалпы орта тәлім жүйесінде жалғасын тауып, тереңдей түсті. «Меңгерілген білім, тәрбие сапасы, өте тар арнайы оқу-үйретім, сонымен бірге тәрбиеші-мұғалімдердің төмен кәсіби деңгейі, бұл оқу орындарының қазіргі заман талаптарына тіпті де жауап бермейтіндігі» - баса айтылды. Басқаша айтсақ, кәсіби техникалық училищелер мен орта арнайы оқу орындарының орнына, қазіргі заманғы арнайы, кәсіби-тәлімдік – оқу-үйретім құрылымы мен мазмұны түбегейлі жаңа-мекемелер ашу қажеттігі туындады. Бастысы, аталған тәлімдік мекемелер жалпы орта және жоғары тәлім арасындағы ажырамас тығыз байланысты қамтамасыз етіп, бүгінгі күн талаптарына сай келетін орта буын мамандар дайындаудың жағдайларын жасауы тиіс.

Кәсіби лицейлер мен кәсіптік колледждер өзінің жабдықталуы, профессор-оқытушылар құрамының білім деңгейі, оқу-үйретім үдерісінің ұйымдасуы, сондай-ақ ондағы оқушылардың терең білімдер мен қазіргі заман кәсіптерін меңгеруі өткендегі кәсіби техникалық училищелерден түп-тамырымен өзгеше.

Жалпы тәлімдік бағдарламалар тереңдестігі негізінде лицей мен колледж түлектеріне үздіксіз тәлімнің келесі сатыларында оқу-үйренімін жалғастыру құқы берілген.

Осылайша, тәлімдік және кәсіби бағдарламалар үздіксіздігі мен ұштастығы, республика және оның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын ескеру, ғылым, мәдениет, техника және технология жетістіктерін есепке алу принциптеріне негізделген тәлімнің жаңа жүйесі өзінше ой толғастырушы, өз бойында жоғары рухани-адамгершілік сапалар, мәдениет және кәсібилік дарытқан жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Үздіксіз тәлім жүйесінің дамуы келесідей негіздемелерді арқау етеді: *тәлім басымдылығы* – оның бірінші кезекте даму сипаты; білім, тәлімділік пен жоғары интеллект беделдігі; *тәлімнің демократиялануы* – оқу-үйретім және тәрбие әдістерін таңдауға оқу мекемелерінің дербестігіне кең жол ашу, тәлім басқарымының мемлекеттік-қоғамдық жүйеге өтуі; *тәлімнің гуманизациялануы* – адам қабілеті мен оның әрқилы тәлімдік сұраныстарын қамсыздандыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтардың беделін көтеру, тұлға, қоғам және қоршаған орта қатынастарын үйлестіру; *тәлімнің ұлттық бағыттылығы* – тәлімнің ұлт тарихы, халықтың салт-дәстүрі және байыту, тәлімді ұлттық даму, басқа да ұлыс тарихы және мәдениетіне құрметпен қарап, табиғи бірлігін сақтау; *тәлім және тәрбиенің ажырамастығы* – бұл үдерістің жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыруға бағыттануы.

Жалпы тәлімдік бағдарламалар – мектепке дейінгі, бастауыш (1-4 сынып), жалпы орта тәлім (1-9 сынып), орта арнайы, кәсіби тәлімді қамтиды [3].



Кәсіби тәлім бағдарламалары орта арнайы, кәсіби, жоғары (бакалавриат, магистратура) және ЖОО-дан соңғы тәлімді, біліктілік көтеру және қайта дайындауды қамтиды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың ғылыми бағытының ерекшелігі: республика тәлімінің Ұлттық моделін жасауда бүкіл тәлімдік аймақты, оның үздіксіздігі мен ұштастығын тұтастықта көре білуі. Осыған орай, үздіксіз тәлім арнайы әдіснамаға негізделіп, өзінің нарықтық және демократиялық қайта құрулар жағдайындағы даму бағыттарына, принциптері мен заңдылықтарына ие дербес әлеуметтік – экономикалық категория ретінде зерттеледі. Бұл мақсаттың іске асуы үшін жүйелі, бағдарламалы - мүдделік қадамдар пайдаланылған [4].

Үздіксіз тәлім үдерістері мен құбылыстарын зерттеуде жүйелілік бағытының қолданылу қажеттігі оның зерттелуші нысанның ішкі құрамдас элементтері мен басқа да әлеуметтік-экономикалық сырттай өзара байланыстары, зерттелуші категорияға тән тұтастық қасиеттер, бағдарлар мен заңдылықтарды қарастыруға мүмкіндік ашатынына байланысты. Бұл өз кезегінде тәлімнің бұдан былайғы жетілуінің тиімді жолдарын белгілеуге көмектеседі.

Үздіксіз тәлімнің даму басқыштары, кезеңдері және түрлері, яғни даму дәуірлері арасында қатан себеп-салдарлы тәуелділік бар. Оның мәні – әрбір өткен кезеңдердің кемшіліктері мен проблемаларының алдағы уақытта жаңа сапалық негізде шешілуінде

Тәлім проблемалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының кең ауқымын іске асыру үдерісінде жүйелі талдауды қолдану ісі үндеулер деңгейінен аса алмай қалды, себебі ел қоғамдық іс-әрекеттің бұқаралық аймағындағы міндетті қолданбалы технологияға жеткізілмей қалды. Педагогика ғылымы, зерттеу үдерісінің әдіснамасымен тіпті де аз айналысты. Эмпирикалық және экспериментті зерттеулер жасалды. Дегенмен, әдіснаманың аса маңызды тұстары: зерттеулердің теориялық әдістері, педагогика бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының мақсатын қалыптастыру, педагогикалық үдерістің категориялары, ғылыми принциптері мен заңдары, яғни педагогика ғылымының тұғыр негізін құраушы басты мәселелер ашылмастан қала берді.

Тәлім жүйесін реформалаудың бүгінгі кезеңдік бірізділігінде қисынды (логикалық) тізбек байқалады, олардың бәрі өткендегілердің сапалық және сандық тұрғылығынан өте, айырмашылықты: тәлімнің принципті жаңа түрлері құрылуда, олардың типті де жаңа мазмұны жасакталуда, материалды-техникалық, акпараттың және мамандармен қамсыздандырылуында түбегейлі өзгерістер іске асып жатыр.

Тәлім әрқашан қоғамның өзгеруімен, тәлім мазмұны және технологияларымен бірге қалыптасады. Тәлім құндылықтары өз адамның бір уақытында осы заманғы тұлғаның мақсат бағдарлы үдерісі арқылы, прогрессивті қоғамдық қатынастармен жаңа әлеуметтік құндылықтар біртұтас әлеуметтік болмыс түзеді.

Тәуелсіздік жылдары елде жаңа әлеуметтік- саяси жағдай қалыптасып, ол тәлім өзгерістеріне, оған болған қоғам, әсіресе жастар қатынасының өзгеруіне себепші болды.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. 2010 жыл 29-қаңтар күнгі Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2010.
2. Развитие образования и науки на пороге XXI века. Сборник №3. Издательство МГГУ, 1996. -168 с.
3. Садыков Т.С., Абылкасымова А.Е., Жумабекова Р.М. Развитие системы среднего общего образования: -Алматы: НИЦ Ғылым, 2002. -220 с.
4. Развитие системы среднего общего образования в современном мире: учебное пособие / Составители: Абылкасымова А.Е., Ушаров Е.А., Омарова Р.С. –Алматы: НИЦ Ғылым, 2003. -112 с.